



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА: ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Дамушы елдер экономикасы: Қытай



Қытай Халық Республикасының халықаралық саудадағы рөлі БРИКС контекстінде талқыланады. БРИКС контекстінің аббревиатурасы – Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай және Оңтүстік Африка Республикалары. Бұл мемлекеттердің халықаралық саудадағы рөлі үлкен болмағанымен, экономикалары әлсіз емес. Мысалы, Бразилияның экономикасы бүгінгі күні 1,8 трлн \$ құрайды. Ресейдің экономикасы – 1,3 трлн \$, Үндістандікі – 2,1 трлн \$, бұлардың ішінде ең ірі экономикасы бар мемлекет Қытай Халық Республикасы – 11 трлн \$. Өзге халықаралық бизнес субъектілеріне қарағанда осы мемлекеттердің экономикаларының жақсы деңгейде екенін көруге болады.

2008 жылы әлемдік дағдарыстан кейін Ресей Федерациясы мен Бразилияның экономикасында айтарлықтай әлсіреу байқалады. Ал Қытайдың экономикасы қаржылық дағдарысқа қарамастан, тұрақты түрде дамып келеді. Қытай экономикасының көлемі, кейбір болжамдар бойынша АҚШ экономикасынан асып түседі.

Қытай Халық Республикасы – Социалистік республика. Бұл мемлекетте коммунистік идея қалыптасқан. Мао Цзе Дунның мәдени революциясы негізінен капитализмнен социализмнің артықшылығы, оның мәртебесі және рөлін көрсететін революциядан кейін Қытай Халық Республикасы коммунистік идеяны дәріптесе де, 1970 жылдан бастап оның экономикасы дами түсті. Ол 1978 жылы ашық есік саясатын жариялағаннан кейін айқын байқала бастады. Дян Сяо Пиннің айтуы бойынша ашық есік саясаты Қытайда қарқынды жүре бастады. Қытай үкіметі ғана емес, оның халқы да ашық есік саясатын қолдап отырды. Дян Сяо Пин өз сөзінде былай дейді: «Мысықтың түсі ақ па, қара ма, маңызды емес, бастысы тышқан ауласа болды». Бұл сөзінде капитализм мен социализмді меңзеп отыр. Біз капитализм жолымен жүреміз бе, социализм жолымен жүреміз бе бәрібір, бастысы халыққа пайдасы тисе болды. Қытай Халық Республикасы ашық есік саясатын ұстанғаннан кейін өзге мемлекеттермен тығыз экономикалық қатынас орната бастады. Ашық есік саясатынан кейін ел экономикасы қарқынды дами түсті. 1982 жылы ҚХР көп елдермен екіжақты келісімдер жасауды бастады. Халықаралық саудада реформа жүргізу мақсатында ҚХР 1981 жылы ДСҰ мүшесі ретінде тіркелді.

ДСҰ мүшесі болғаннан бастап, өзге халықаралық серіктестіктердің ҚХР үкіметіне деген наразылықтары саябырсыған жоқ. Бұл наразылықтар көбіне ҚХР ұлттық валютасы – юаньның бағамына байланысты болып жатты. Ірі мәліметтерге сүйенсек, 10 жыл бойы ҚХР валютасы 8–8,5\$ көлеміндегі бағамды ұстап тұрды. Серіктестіктер немесе өзге халықаралық бизнес субъектілері юаньның бағамын Қытай әдейі ұстап отыр деген наразылықтарын жасырмады. Қытай өз валютасын тұрақты түрде осындай бағамда ұстап тұруы, әрине халықаралық қатынастардағы өзге субъектілерге қатты әсер етті. ҚХР көптеген даулардан, халықаралық шешімдерден кейін ғана 2006 жылы валютасының бағамын өз еркіне жіберді. Юань бағамын өз еркіне жібергеннен кейін халықаралық сауда қатынастарында және ҚХР өзіндік позициясы нығая түсті, яғни бұрын юань 8\$ болатын болса, енді 6\$-ға түсті. Бұл юань бағамының өсіп, оның нығая түскенін көрсетеді. Көп мемлекеттер осы бағытты көздейді және оларға осы бағыт тиімді болып келеді.

Қытай не үшін ұзақ уақыт бойы юань бағамын 8–8,5\$ ұстап тұрды? деген сұраққа тоқталайық. Қытай бұл бағамды өз экспорттаушыларын қолдау үшін валютасын осындай бағаммен ұстап тұрды, яғни ҚХР бір компаниясы өз тауарын АҚШ-қа экспорттау үшін серіктестеріне 10\$ сататын болса, юаньға айналдырған кезде 8\$ болатын болды. Ал енді валюта бағамын өз еркіне жібергеннен кейін, 10\$ сатқан тауар құнын қайтадан юаньға аударған кезде ол – 60 юань болып қалды. Сондықтан Қытай өз экспорткерлерін қолдау үшін осындай саясатты тұрақты түрде жүргізіп тұрды. Бұл мәселе қазіргі кезге дейін де толастаған жоқ. Қазір 1\$ – 6 юань. Бірақ халықаралық серіктестіктердің бұл бағамға деген сенімі нық емес, яғни олардың ойынша Қытай өз экспорткерлерін қолдау үшін осындай саясатты әлі ұстап отыр.

ҚХР-мен халықаралық сауда қатынастарына түсу үшін халықаралық бизнес субъектілері нені білу керек? Біріншіден, бизнес субъектілері Қытай тілі мен мәдениетін білу керек. ҚХР-да негізінен мандарин және кантондық диалект дамыған. Көбіне мандарин диалекті кең тараған. Қытайдың әр провинцияларында өз диалектері бар, солардың ішінде әр провинцияның халқы бір-бірін түсінбейтін жағдайлар да кездеседі екен. Қытай мәдениеті бойынша сөз қозғар болсақ, халықаралық бизнес субъектілері салт-дәстүрге, қалыптасып кеткен жағдайларға және сол уақыттағы тұрақты жағдайға назар аудару керек.



Қытайда бизнес жүргізудің өзіндік мәдениеті қалыптасқан. Ол мәдениетті гуангси деп атаймыз. Ол мәдениет бойынша Батыста транзакция жасау барысында даулар туындаған кезде заңға сүйенетін болса, Қытай көбіне сол кезде қалыптасып тұрған ситуацияға байланысты әрекет етеді. Келісімдердің күші бар, бірақ дау-дамайларды шешу барысында қалыптасқан жағдайға байланысты басқа шешім қабылдауы мүмкін. Бизнес жүргізуде ерекше мәдениеттің, көзқарастың болуы басқа халықаралық бизнес субъектілеріне кері әсерін тигізіп жатады. Қытайдың гуангси мәдениетін білетін болса, Қытаймен халықаралық сауда қатынастарын жүргізуде үлкен табыстарға жетуі мүмкін.

Қытайдың саяси құрылымы халықаралық қатынастарындағы сауда келісімдеріне, бизнес транзакцияларына қатты әсер етіп отырады. ҚХР жұмысшылар мен шаруалар одағына негізделген жұмысшы табы, Қытай коммунистік партиясы арқылы басқарылатын Халықтық демократиялық диктатураның саяси мемлекеті деп жарияланған. Олардың нормативтік-құқықтық актілерінде елде социалистік жүйе орнатылған, барлық билік халыққа тиесілі деп жазылған. Халық әртүрлі деңгейдегі халықтық конгресстер мен халықтық өкілдер арқылы билікті жүзеге асырады.

ҚХР саяси жүйесінде Конфуций идеясының маңызы өте зор. Конфуций институтының бірнеше бөліктерін қарастыратын болсақ, мысалы, Қытайдың саяси құрылымы жұмысшылар мен шаруалар одағына негізделген жұмысшы тап деп бекітілген. Қытайдың саяси құрылымы халық өкілдерінің жиналысымен басқарылады, яғни ҚХР билігінің бірден бір бөлігі – халық. Сонымен бірге, Қытай коммунистік партиясының рөлі ҚХР Конституциясында артықшылықпен бекітілген.

Саяси институттар жайлы сөз қозғайтын болсақ, бүкіл халық өкілдерінің жиналысы билікті басқарады. Қазіргі кезде ҚХР Төрағасы немесе Президенті – Си Цзинь Пин. ҚХР мемлекеттік кеңесі орталық комитеттен тұрады, яғни ҚХР коммунистік партиясының орталық комитеті. Содан кейінгі институт – Қытай Коммунистік Партиясы. Қытай коммунистік партиясы шешім шығаратын ҚХР үкіметінің негізгі институты. Қытайда мемлекеттік билік органдары тармақтарға бөлінбейді. Шартты түрде алғанда ҚХР заң шығарушы билік органына Бүкілхалық өкілдерінің жиналысын қарастырамыз. ҚХР атқарушы билік органы ретінде ҚХР төрағасы немесе президентін қарастырамыз. ҚХР Мемлекеттік кеңесі де ҚХР атқарушы билік органының бір органы ретінде қарастырылады. ҚХР Сот билігі органдары өзге мемлекеттерге қарағанда ерекше. Сот жүйесі үшке бөлінеді: жоғарғы дәрежедегі сот жүйесі, ортаңғы дәрежедегі сот жүйесі және төменгі дәрежедегі сот жүйесі. Жалпы сауда қатынастарын, бизнес, коммерциялық қатынастарды ҚХР-да орта дәрежедегі соттар қарайды. Орта дәрежедегі соттардың рөлі өте маңызды. ҚХР Сот жүйесінде теңіз соттары деген бөлім бар. Шетелдік серіктестермен теңізге байланысты халықаралық саудада белгілі бір даулар болса, оны теңіз соттары қарайды.

ҚХР көбіне арбитраж туралы заңға сәйкес халықаралық арбитражға жүгінеді. ҚХР-да халықаралық сауда мәселелерін орта дәрежедегі соттар қарайтынын еске салсақ, сол соттардың біліктілігінің төмендігінен, олар көптеген істерді халықаралық арбитражға бағыттайды. Орта дәрежедегі соттар халықаралық саудадағы істерді қарауда көп уақыт жұмсайды. Сондай-ақ, арбитраж және арбитражді анықтаудағы тараптардың рөлі және шешімге деген көзқарастарының салдарынан халықаралық саудадағы істерді арбитраж қарайды, яғни халықаралық бизнес субъектілері дау-дамайларды шешуде істі орта дәрежедегі соттардың қарауын мақұлдамай халықаралық арбитражға жүгінулерінің себебі осында. Арбитраж істі қараған кезде тараптар арбитражді және құқықтық жүйені өздері таңдайды. Арбитраждың негізгі институты Қытай халықаралық сауда және экономикалық төрелік комиссиясынан тұрады. Қытай сауда палатасының іскерлік институты, оның іскерлік репутациясы халықаралық сауда қатынастарын реттеуде өте жоғары және халықаралық арбитраж стандарттарына жауап беретін органдарының бірі. Сонымен қатар, ҚХР арбитраж туралы заңында гибридік арбитраждық баптар кездеседі. Бір тараптың қарауына инстанцияны таңдауына құқық береді. Мысалы, х-ө сауда қатынастары барысында келісім жасайтын тараптар арбитражға берілетін істі алдын ала қарастырады. Бұл жағдай дауларды қарау ісін де тездетеді.

ҚХР сауда қатынастарын жасау барысында ҚХР жекеменшікке қатысты заң актілерін білу қажет. Себебі ол елде жекеменшік пен ұжымдық меншік ұғымдары араласып кеткен. ҚХР-дағы жекеменшік объектілері жылжымалы және жылжымайтын меншік болып бөлінеді.



Жылжымалы меншікті халықаралық қатынастарға түсірген кезде көптеген дау-дамайлар шыға қоймайды. Ал егер шетелдік компания жылжымайтын мүлікті Қытайдан алып, сол жерге ғимарат тұрғызатын болса, ол жер шетелдік компанияның меншігіне берілмейді. Себебі ҚХР заңына сәйкес Қытай жері жекеменшікке емес, тек қана қолдану үшін ғана беріледі. Атап айтсақ, үй немесе кондоминимум 70 жылға беріледі, коммерциялық жылжымайтын мүлік 50 жылға, жер 30 жылға ғана беріледі. Егер жерді пайдалану құқығын ұзарту керек болса, сол елді мекеннің тұрғындарының 2/3 бөлігі мақұлдап дауыс берген жағдайда жерді қолдану мерзімі созылатын болады. Сонымен қатар, Қытай зияткерлік меншік құқығы жайлы қарастыру керек. Ол бойынша ҚХР өз беделін халықаралық қатынастарда түсіріп алған. Себебі ҚХР-да зияткерлік меншік құқығы жиі бұзылып тұрады. Мысалы, Үндістан мемлекеті халықаралық аренада пайда болған дәрі-дәрмектердің көшірмесін жасап отырса, ҚХР да дүниежүзілік саудада пайда болған беделі зор тауарлардың көшірмелерін жасай бастайды және бұл мемлекетте зияткерлік меншік құқықтың бұзылуы бойынша дауларды шешу процесі өте қиын жүріп отырады. Мысалы, АҚШ-тың бір компаниясының Қытайда ашылған филиалында шығарылатын тауар саудасының төмендегенін байқайды. Демек, дәл осындай өнімнің көшірмесі жасалып, оның нарықта төмен бағамен сатылатыны анықталды. Бұл мәселені шешу үшін АҚШ сценаристер мен операторлар жалдап, түпнұсқа өнімнің қалай жасалатыны және барлық талаптарға сай екені туралы бейнеролик жасап, оны телевизия арқылы көрсетеді. Кейін оператор мен сценаристер арқылы өнімнің көшірмесі жасалатын аймақтардағы зауыттарды аралап, көшірменің лас жағдайда, денсаулыққа зиянды материалдар арқылы жасалатынын көрсетіп тағы бір бейнеролик түсіріп, халық арасында таратады. Соның нәтижесінде, халық өнімнің бағасына қарамай, оның түпнұсқасын алатын болды.